

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік монополия мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 10 шілдедегі № 34-V Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 13, 99-құжат; 2005 ж., № 9, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 79, 83-құжаттар; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 14, 105-құжат; № 15, 106, 109-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 17, 139-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 15-16, 64-құжат; № 21, 95-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 49, 50-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 114-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11-құжаттар; № 3, 27-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат):

1) мазмұнында 153-баптың тақырыбы «кадастрының» деген сөзден кейін «және оны жүргізуге технологиялық байланысты қызметтің» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 152-баптың 3-тармағында: екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік жер кадастрын жүргізу жөніндегі қызмет мемлекеттік монополияға жатады және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындар жүзеге асырады.»;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.»;

3) 153-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«153-бап. Мемлекеттік жер кадастрының және оны жүргізуге технологиялық байланысты қызметтің мазмұны

1. Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу мынадай қызмет түрлерін:

1) жер учаскесінің кадастрлық ісін қалыптастыруды;

2) жерді экономикалық бағалауды және оған мониторинг жүргізуді, топырақты зерттеуді, геоботаникалық, агрохимиялық зерттеулерді және топырақты бағалауды

жүргізуді қамтитын жерлердің сапасын есепке алуды;

3) мемлекеттік тіркеу мақсаттары үшін жердің көлемін, жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларды, сондай-ақ жер құқығы қатынастарының басқа да субъектілерін есепке алуды;

4) мыналарды: жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын анықтауды; елді мекендерде жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттерін белгілей отырып, олардағы бағалау аймақтары шекараларының схемаларын жасауды; жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемелерінің есебін; ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін ауыл шаруашылығы алқаптарын алып қою кезіндегі ауыл шаруашылығы өндірісіндегі ысырапты анықтауды қамтитын жерді мемлекеттік кадастрлық бағалауды;

5) жер учаскелері мен олардың субъектілері туралы деректер банкін, сондай-ақ басқа да жер-кадастрлық ақпаратты қағаз жеткізгіште және электрондық түрде жинақтауды, өңдеуді және жүргізуді;

6) мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жүргізуді;

7) жер-кадастрлық карталарды, оның ішінде цифрлық карталарды дайындауды және жүргізуді;

8) жер-кадастрлық кітапты және жердің бірыңғай мемлекеттік тізілімін жүргізуді;

9) жер учаскесіне сәйкестендіру құжаттарын дайындауды;

10) жер учаскелеріне кадастрлық нөмірлер беруді;

11) жер учаскелерінің паспорттарын дайындауды қамтиды.

2. Мемлекеттік жер кадастрын жүргізуге технологиялық байланысты қызметке:

1) жергілікті жерде әкімшілік-аумақтық бірліктердің, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, мемлекеттік орман және су қорлары жерлерінің шекараларын белгілеу;

2) жер пайдалануды қалыптастыру жөніндегі жобаларды, бүлінген жерлерді қалпына келтіру жобаларын жасау, мемлекет меншігіндегі жерден жер учаскелерін беру кезінде жергілікті жерде олардың шекараларын белгілеу;

3) мемлекет меншігіндегі және ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жер пайдалануға берілген жер учаскелері бойынша шаруашылық ішіндегі жерге орналастыру жобаларын әзірлеу жатады.».

2. 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 16, 140-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 3, 27 - құжат) :

1) 4-баптың 31) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«31) мемлекеттік орман орналастыру ұйымы - Қазақстан Республикасы Үкіметінің

шешімі бойынша құрылған республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын;»;

2) 5 5 - б а п т а :

1-тармақтың екінші бөлігінің 12) тармақшасындағы «жасау;» деген сөз «жасау жүзеге асырылады.» деген сөздермен ауыстырылып, 13) тармақша алып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Орман ресурстарын есепке алуға, орман қорының аумақтық құрылымына, оның ішінде мемлекеттік орман қорының шекараларын белгілеуге, ормандардың мемлекеттік мониторингіне, орман шаруашылығын жүргізуді жоспарлауға және орман пайдалануға байланысты орман орналастыру мемлекеттік монополияға жатады және оны мемлекеттік орман орналастыру ұйымы жүзеге асырады.

Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.» ;

3) 77-баптың 3-тармағындағы «уәкілетті органның мамандандырылған ұйымдары» деген сөздер «осы салада маманданған ұйымдар» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 78-баптың 3-1-тармағындағы «уәкілетті органның мамандандырылған ұйымдары өздері белгілеген тәртіппен» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен осы салада маманданған ұйымдар» деген сөздермен ауыстырылсын .

3. 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 1, 1-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 11-12, 55-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 129-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 8, 64-құжат):

1) 28-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Эмиссиялар нормативтерін белгілеу кезінде қоршаған ортаның іс жүзіндегі ластануы ескеріледі. Қоршаған орта сапасы параметрлерінің фондық шоғырлануы жөніндегі деректерді жобаның тапсырыс берушісімен немесе жобалау ұйымымен жасалған шарт бойынша ұлттық гидрометеорологиялық қызмет ұсынады. Қоршаған орта сапасы параметрлерінің фондық шоғырлануы жөніндегі деректерді ұсыну қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізуге технологиялық байланысты қызметке жатады.» ;

2) 145-2-баптың 1-тармағында:

бірінші сөйлем «пайдалана отырып» деген сөздерден кейін «, қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг,» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

«Метеорологиялық және гидрологиялық мониторингтерді және қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізу жөніндегі қызмет мемлекеттік монополияға жатады

және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын – ұлттық гидрометеорологиялық қызмет жүзеге асырады.

Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.» ;

3) 274-баптың 8-тармағындағы «пайдаланушы ұйым мен мамандандырылған кәсіпорынның» деген сөздер «пайдаланушы ұйымның немесе осы салада маманданған ұйымның» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 292-баптың 4 және 6-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:
«4. Коммуналдық қалдықтарды олар сақталатын және өңделетін белгіленген жерге тасымалдауды және жинауды қалдықтардың меншік иелерінің есебінен осы салада маманданған ұйымдар жүзеге асырады.» ;

«6. Коммуналдық қалдықтарды көмуді, қалдықтар полигондарын жасау мен пайдалануды коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар және осы салада маманданған өзге де ұйымдар жүзеге асырады.» .

4. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 20-21, 89-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 32-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 149, 152-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 17, 136-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат):

1) мазмұны мынадай мазмұндағы 63-1-баптың тақырыбымен толықтырылсын:
«63-1-бап. Қазақстан Республикасында тіркелген дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіпсіздігі мен сапасын бағалау» ;

2) 5-баптың 2-тармағының б) тармақшасындағы «денсаулық сақтау саласындағы» деген сөздердің алдынан «дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы қоспағанда,» деген сөздермен толықтырылсын;

3) 6-бап мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:
«12-1) Қазақстан Республикасында тіркелген дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіпсіздігі мен сапасына бағалау жүргізу қағидаларын б е к і т е д і ; » ;

4) 7-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 29-1) және 50-1) тармақшалармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«29-1) Қазақстан Республикасында тіркелген дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіпсіздігі мен сапасына бағалау жүргізу қағидаларын ә з і р л е у ; » ;

«50-1) Қазақстан Республикасында тіркелген дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіпсіздігі мен сапасына бағалау жүргізуге мемлекеттік

бақылауды

жүзеге

асыру»;»;

5)

17 - бапта :

1-тармақтағы «Денсаулық» деген сөз «Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы қоспағанда, денсаулық» деген сөздермен ауыстырылсын ;

2 және 3-тармақтар алып тасталсын ;

6) 63-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Дәрілік заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға сараптама жүргізу мемлекеттік монополияға жатады және оны дәрілік заттар , медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника айналысы саласындағы мемлекеттік сараптама ұйымы болып табылатын, шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын жүзеге асырады.

Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.» ;

7) мынадай мазмұндағы 63-1-баппен толықтырылсын:

«63-1-бап. Қазақстан Республикасында тіркелген дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіпсіздігі мен сапасын бағалау

1. Қазақстан Республикасында тіркелген дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіпсіздігі мен сапасын бағалау дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіпсіздігі мен сапасының оларды Қазақстан Республикасында тіркеуге негіз болған тіркеу деректемесінің, стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың деректеріне сәйкестігін айқындау арқылы жүргізіледі.

2. Қазақстан Республикасында тіркелген дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіпсіздігі мен сапасын бағалау мемлекеттік монополияға жатады және оны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттелген сынақ зертханалары бар, дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника айналысы саласындағы мемлекеттік сараптама ұйымы болып табылатын, шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын жүзеге асырады.

Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.» ;

8) 69-баптың 4-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) сапасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қауіпсіздігі және сапасы туралы қорытындымен расталмаған;»;

9) 71-баптың 11-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Сараптаманы уәкілетті орган бекіткен тәртіпке сәйкес дәрілік заттар, медициналық

мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника айналысы саласындағы мемлекеттік сараптама ұйымы жүргізеді. ».

5. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 12, 186-құжат; 1998 ж., № 24, 437-құжат; 1999 ж., № 8, 237-құжат; № 23, 925-құжат; 2001 ж., № 17-18, 245-құжат; № 20, 257-құжат; 2002 ж., № 1, 1-құжат; № 23-24, 198-құжат; 2003 ж., № 1-2, 9-құжат; № 11, 56-құжат; № 15, 139-құжат; № 21-22, 160-құжат; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 23, 140, 142-құжаттар; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; № 11, 39-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 8, 45-құжат; № 12, 69-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 4, 28, 30-құжаттар; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 23, 114, 123-құжаттар; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 23, 111-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 140-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 14, 117-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 14, 15-құжаттар; № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат):

1) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар
Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) автоматтандырылған ақпараттық жүйе - жинақтаушы зейнетақы қорының жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы активтерін және жинақтарын есепке алуды жүзеге асыруға қажетті және ақпараттың сенімділігін, сақталуын және оны рұқсатсыз кіруден қорғауды қамтамасыз ететін бағдарламалық қамтамасыз етілуі;

2) әлеуметтік жеке код - азаматқа, сондай-ақ осы Заңға сәйкес зейнетақымен қамсыздандыру құқығы қолданылатын адамдарға берілетін тұрақты жеке код;

3) әртараптандыру - зейнетақы активтерін жоғалтып алу қатерін азайту мақсатында, уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес оларды әртүрлі қаржы құралдарына орналастыру;

4) бақылау – заңды тұлғаның шешімдерін айқындау мүмкіндігі, ол мынадай талаптардың бірі болған:

заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің не орналастырылған акцияларының (артықшылықты және қоғам сатып алған акциялары шегеріле отырып) елу пайызынан астамын бір тұлғаның дербес не бір немесе бірнеше тұлғамен бірлесіп тікелей немесе жанама иеленуі не заңды тұлғаның акцияларының елу пайызынан астамымен дербес дауыс беру мүмкіндігі болған;

бір тұлғада заңды тұлғаның басқару органы немесе атқарушы органы құрамының кемінде жартысын дербес сайлау мүмкіндігі болған;

Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес құрылған арнайы қаржы компаниясының қаржылық

есептілігін қоспағанда, заңды тұлғаның қаржылық есептілігі аудиторлық есепке сәйкес заңды тұлғаның қаржылық есептілігіне енгізілген;

бір тұлғаның дербес не бір немесе бірнеше тұлғамен бірлесіп шарттың (растайтын құжаттардың) күшіне қарай немесе уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген жағдайларда өзгеше түрде заңды тұлғаның шешімдерін айқындау мүмкіндігі болған кезде туындайды;

5) баспасөз басылымы - тізбесін уәкілетті орган айқындайтын мерзімді баспасөз басылымдары;

6) бас ұйым - басқа заңды тұлғаға бақылау жасайтын заңды тұлға;

7) ең төменгі зейнетақы - тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген зейнетақы төлемдерінің ең төменгі мөлшері;

8) ерікті зейнетақы жарналары – Қазақстан Республикасының заңнамасында және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта айқындалатын тәртіппен, салымшылардың өз бастамасы бойынша зейнетақы төлемдерін алушының пайдасына жинақтаушы зейнетақы қорларына салатын ақшасы;

9) ерікті зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі - ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта айқындалған жинақтаушы зейнетақы қорына төленетін төлемнің мөлшері;

10) ерікті зейнетақы жарналарының салымшысы - ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа сәйкес, өзінің меншікті қаражаты есебінен зейнетақы төлемдерін алушының пайдасына ерікті зейнетақы жарналарын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

11) ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары - Қазақстан Республикасының заңнамасында және ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта белгіленген тәртіппен, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын кәсіптер тізбесі бойынша қызметкерлердің пайдасына салымшылардың өз бастамасы бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларына салатын ақшасы;

12) ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі - ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта және осы Заңда айқындалған жинақтаушы зейнетақы қорына төленетін төлемнің мөлшері;

13) ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының салымшысы - ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа сәйкес, өзінің меншікті қаражаты есебінен қызметкердің пайдасына ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарын салуды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

14) жеке зейнетақы шоты - салымшының (зейнетақы төлемдерін алушының) жинақтаушы зейнетақы қорындағы жеке атаулы шоты, онда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның міндетті не ерікті зейнетақы жарналары немесе ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары, инвестициялық табысы, өсімпұл және өзге

де түсімдер есепке алынады және содан зейнетақы төлемдері жүргізіледі;

15) жинақтаушы зейнетақы қоры - зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдері жөніндегі қызметті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

16) жинақтаушы зейнетақы қорында бөлектеп есеп жүргізу - заңды тұлға ретінде жинақтаушы зейнетақы қорының бухгалтерлік балансына зейнетақы активтерін енгізу;

17) жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын жанама иелену (дауыс беру) – жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның, жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысының немесе жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның бірлескен ірі қатысушысы болып табылатын тұлғалардың шешімдерін заңды тұлғалардың акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) иелену арқылы айқындау мүмкіндігі;

18) жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы – уәкілетті органның жазбаша келісіміне сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның орналастырылған акцияларының (артықшылықты және сатып алынған акциялары шегеріле отырып) он немесе одан көп пайызын тікелей немесе жанама иелене алатын немесе:

жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының он немесе одан көп пайызымен тікелей немесе жанама дауыс беру;

жинақтаушы зейнетақы қоры немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым қабылдайтын шешімдерге шарттың күшіне қарай не уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалатын тәртіппен өзгеше түрде ықпал ету мүмкіндігі бар жеке немесе заңды тұлға (мемлекет немесе ұлттық басқарушы холдинг осындай иеленуші болып табылатын жағдайларды, сондай-ақ осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда);

19) заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін жанама иелену не акцияларын иелену (дауыс беру) - басқа заңды тұлғалардың акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) иелену (дауыс беру) арқылы заңды тұлғаның, заңды тұлғаның ірі қатысушысының немесе бірлесіп заңды тұлғаның ірі қатысушысы болып табылатын тұлғалардың шешімдерін айқындау мүмкіндігі;

20) зейнетақы – уәкілетті ұйымнан, жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін зейнетақы төлемдерінің жиынтығы;

21) зейнетақы активтері - зейнетақы төлемдері мен аударымдарын, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларынан алынатын қаражатты қамтамасыз етуге және жүзеге асыруға арналған ақша, бағалы қағаздар, өзге де қаржы құралдары;

22) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым - жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын заңды тұлға;

23) зейнетақы аннуитеті шарты - сақтандыру шарты, оған сәйкес сақтанушы (зейнетақы төлемдерін алушы) сақтандыру ұйымына зейнетақы жинақтарының сомасын беруге міндеттенеді, ал сақтандыру ұйымы сақтанушының (зейнетақы төлемдерін алушының) пайдасына өмір бойына немесе белгілі бір уақыт кезеңі ішінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға міндеттенеді;

24) зейнетақы жинақтары - міндетті зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын және ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарын, инвестициялық кірісті, өсімпұлды, шарттарға, осы Заңға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де түсімдерді қамтитын, салымшының (зейнетақы төлемдерін алушының) жеке зейнетақы шотында есептелетін ақшасы;

25) зейнетақы жинақтарының нақты құны - мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган есептеп шығаратын, тұтыну бағалары индексіне үйлестірілген зейнетақы жинақтарының номиналды құны;

26) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт - бір тараптан жинақтаушы зейнетақы қорымен және екінші тараптан салымшы және (немесе) зейнетақы төлемдерін алушы жасасатын, зейнетақы жарналарына, жинақтарына және төлемдер алуға байланысты құқықтық қатынастарды белгілеу, өзгерту немесе тоқтату туралы шарт;

27) зейнетақы төлемдері:

уәкілетті ұйымнан - 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кемінде алты ай еңбек өтілі бар жеке тұлғаларға еңбек өтіліне тепе-тең түрде жүзеге асырылатын ақша қаражатын төлеу;

жинақтаушы зейнетақы қорларынан – зейнетақы төлемдерін алушыларға зейнетақы жинақтарын төлеу;

28) зейнетақы төлемдерін алушы (бұдан әрі - алушы) – уәкілетті ұйымнан зейнетақы төлемдері тағайындалған және (немесе) жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар жеке тұлға;

29) инвестициялық декларация - зейнетақы қағидаларына қосымша болып табылатын және инвестициялау объектілерінің тізбесін, зейнетақы активтеріне қатысты инвестициялық қызметтің мақсаттарын, стратегияларын, талаптарын және шектеулерін, зейнетақы активтерін хеджирлеу және әртарапандыру талаптарын айқындайтын құжат;

30) инвестициялық кіріс - жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы

активтерін инвестициялау нәтижесінде алынған ақша;

31) инвестициялық портфель - зейнетақы активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдары жиынтығы;

32) кастодиан банк - бағалы қағаздар жөніндегі құқықтарды тіркеу және есепке алу, құжаттамалық бағалы қағаздарды сақтау және клиенттің ақшасын есепке алу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын банк;

33) кастодиандық шарт - кастодиан банк пен оның клиенті жасасатын бағалы қағаздар мен ақшаны жауапкершілікпен сақтау және есепке алу туралы шарт;

34) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі - Қазақстан Республикасының азаматтарына осы Заңда белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткен соң берілетін ай сайынғы ақшалай төлем;

35) міндетті зейнетақы жарналары - осы Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жинақтаушы зейнетақы қорларына салынатын ақша;

36) міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агент (бұдан әрі - агент) - шетелдік заңды тұлғалардың тұрақты мекемесі, сондай-ақ филиалдары, өкілдіктері арқылы Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғаны қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен міндетті зейнетақы жарналарын есептейтін, ұстап қалатын (есептеп қосатын) және аударатын жеке немесе заңды тұлға;

37) міндетті зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі - жинақтаушы зейнетақы қорына төленетін төлем мөлшері, ол салымшының зейнетақы жарналарын есептеу үшін қабылданатын табысына пайыздық қатынаспен көрсетіледі;

38) міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы - міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан және жинақтаушы зейнетақы қорында жеке зейнетақы шоты бар жеке тұлға;

39) мінсіз іскерлік бедел - кәсіпқойлықты, адалдықты, алынбаған немесе өтелмеген соттылығы жоқ екенін растайтын фактілердің болуы;

40) орталық атқарушы орган - халықты әлеуметтік қорғау саласында реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

41) Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындайтын органдар - уәкілетті мемлекеттік органдар;

42) пруденциялық норматив - жинақтаушы зейнетақы қорының және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленетін экономикалық талаптар;

43) сақтандыру ұйымы (сақтандырушы) - уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде «өмірді сақтандыру» саласында сақтандыру шарттарын жасасу және орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

44) сатып алу сомасы - зейнетақы аннуитеті шарты мерзімінен бұрын бұзылған кезде сақтанушының (алушының) сақтандыру ұйымынан алуға құқығы бар ақша с о м а с ы ;

45) уәкілетті орган - қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

46) уәкілетті ұйым (бұдан әрі – Орталық) – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын;

47) үлестес тұлғалар – шешімдерді тікелей және (немесе) жанама түрде айқындауға және (немесе) бір-бірінің (тұлғалардың бірі) қабылдайтын шешімдеріне, оның ішінде жасалған мәміленің күшіне қарай ықпал етуге мүмкіндігі бар (өздеріне берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды және ұлттық басқарушы холдингті қоспағанда) жеке немесе заңды тұлғалар. Ұлттық басқарушы холдингтің жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлерінің құрамында болуы тұлғалардың бір-біріне қатысты үлестес екенін айқындау үшін негіз болып табылмайды.»;

2) 1 8 - б а п т а :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«18-бап. Зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы мемлекеттік монополия» ;

1 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац «Орталық» деген сөзден кейін «мемлекеттік монополияға жататын мынадай қызмет түрлерін» деген сөздермен толықтырылсын;

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зейнетақы, жәрдемақы төлемдерін, біржолғы және өзге де төлемдерді төлеуді ұйымдастыруды және жүзеге а с ы р у д ы ; » ;

1-1) тармақшадағы «азаматтарға» деген сөз алып тасталсын;

4-3) тармақшадағы «бас тартуды» деген сөздер «бас тартуды ресімдеуді» деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

5) тармақшадағы «мемлекет алдындағы салықтық міндеттемелердің орындалуына салықтық бақылауды қамтамасыз ететін орталық атқарушы органға» деген сөздер « салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға» деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 5-1), 5-2), 5-3), 5-4), 5-5) және 5-6) тармақшалармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«5-1) Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындайтын органның төлемдерді тағайындауы үшін зейнетақы, жәрдемақы алушылардың істерінің макеттерін

қ а л ы п т а с т ы р у д ы ;

5-2) зейнетақы, жәрдемақы төлемдерін және өзге де төлемдерді алушылардың орталықтандырылған дерекқорын қалыптастыруды және оларды дербестендірілген е с е п к е а л у д ы ;

5-3) бір жинақтаушы зейнетақы қорынан басқа жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын аударуды;

5-4) міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу, аудару, қайтару мәселелері бойынша агенттермен және жинақтаушы зейнетақы қорларымен өзара іс-қимыл ж а с а у д ы ;

5-5) орталық атқарушы органның бірыңғай ақпараттық жүйесінің жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруды;

5-6) Қазақстан Республикасы заңнамасының зейнетақы жинақтарының құпиясын сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі талаптарын ескере отырып, жеке және заңды тұлғаларға Орталықтың қызмет түрлері бойынша ақпараттық қызметтер ұсынуды;»;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де қызмет түрлерін ж ү з е г е а с ы р а д ы . » ;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.».

6. «Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы» 1998 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 13, 196-құжат; 2003 ж., № 11, 67-құжат; 2004 ж., № 23, 140-құжат; 2006 ж., № 23, 141-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат):

1) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар
Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жылжымалы мүлік - көлік құралдары, айналымдағы тауарлар, бағалы қағаздар, ақша, мүліктік құқықтар, соның ішінде болашақтағы өнімге және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен жылжымайтын мүлікке жатқызылмаған өзге д е м ү л і к к е қ ұ қ ы қ ;

2) жылжымалы мүлік кепілін тіркеу - жылжымалы мүлік кепілінің тізіліміне кепіл талаптары бар (кепілді тіркеу туралы өтініш) кепіл туралы шарттағы немесе өзге шарттағы мәліметтерді енгізу жөнінде жылжымалы мүлік кепілін тіркеу кезінде туындайтын қатынастарға қатысушылардың іс-қимылдары жиынтығын, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлік беруді және тіркеуші органдардың және (немесе) жылжымайтын мүлік орталықтарының осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге

де заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жасалатын өзге де іс-қимылдарын білдіретін тіркеуші органның және (немесе) жылжымайтын мүлік орталығының жылжымалы мүлік кепілін есепке алу рәсімі;

3) жылжымалы мүлік кепілін тіркеу органдары (тіркеуші органдар) – мемлекеттік тіркеуге жататын жылжымалы мүліктің жекелеген түрлерін және осы мүліктің кепілдерін тіркеуге Қазақстан Республикасының заңнамалық актілермен уәкілеттік берілген мемлекеттік органдар мен заңды тұлғалар;

4) жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлік - тіркеуші орган және (немесе) жылжымайтын мүлік орталықтары өтініш иесіне беретін және жылжымалы мүлік кепілін тіркеу фактісін растайтын құжат;

5) жылжымалы мүлік кепілінің тізілімі (кепіл тізілімі) - тіркеуші органдар және (немесе) жылжымайтын мүлік орталықтары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асыратын ақпаратты есепке алу және сақтау жүйесі;

6) өтініш беруші - тіркеуші органға және (немесе) жылжымайтын мүлік орталығына кепілді тіркеу туралы өтініш беретін адам; кепіл міндеттемесі тараптарының келісімі бойынша кепіл беруші де, кепіл ұстаушы да өтініш беруші бола алады;

7) тіркелген кепіл - осы Заңда белгіленген тәртіппен тіркелген жылжымалы мүлік к е п і л і ;

8) уәкілетті ұйым (бұдан әрі – жылжымайтын мүлік орталығы) – жеке және заңды тұлғалардың міндетті мемлекеттік тіркеуіне жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеуді жүзеге асыратын республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын.»;

2) 3 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) жылжымайтын мүлік орталықтары;»;

2-тармақ «Тіркеуші органдардың» деген сөздерден кейін «және (немесе) жылжымайтын мүлік орталықтарының» деген сөздермен толықтырылсын;

3) 5 - б а п т а :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«5-бап. Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу саласындағы мемлекеттік монополия»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу, жылжымалы мүлік кепілінің тізілімінен үзінді көшірме беру түрінде ақпараттық қызмет көрсету, өтініш берушінің кінәсінен жіберілген тіркеу құжаттарындағы қателерді түзету жөніндегі қызмет мемлекеттік монополияға жатады және оны жылжымайтын мүлік орталықтары жүзеге асырады.»;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілі:

1) кепіл туралы шарт немесе кепіл туралы шарт қамтылған өзге де шарт

тараптарының бірінің талап етуі бойынша;

2) егер кепіл туралы шартта немесе кепіл туралы шарт қамтылған өзге де шартта кепілдегі мүлікті кейіннен кепілге салуға (қайталама кепілге) тыйым салынған болса, т і р к е л у г е т и і с . » ;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Жылжымайтын мүлік орталықтары міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілі тіркелген тізілімді жүргізуге міндетті.»;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.»;

4) 9 - б а п т а :

1-тармақ «тіркеуші органға» деген сөздерден кейін «және (немесе) жылжымайтын мүлік орталығына» деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) тіркеуші органның және (немесе) жылжымайтын мүлік орталығының атауы;»;

3-тармақ «тіркеуші орган» деген сөздерден кейін «және (немесе) жылжымайтын мүлік орталығы» деген сөздермен толықтырылсын;

5) 9-2-бап «тіркеуші орган» деген сөздерден кейін «және (немесе) жылжымайтын мүлік орталығы» деген сөздермен толықтырылсын;

6) 1 0 - б а п т а :

тақырып «Тіркеуші органның» деген сөздерден кейін «және (немесе) жылжымайтын мүлік орталығының» деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақтың бірінші абзацындағы «сәтінен бастап тіркеуші орган» деген сөздер «кезден бастап тіркеуші орган және (немесе) жылжымайтын мүлік орталығы» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ «Тіркеуші орган» деген сөздерден кейін «және (немесе) жылжымайтын мүлік орталығы» деген сөздермен толықтырылсын;

7) 1 1 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші абзацы «Тіркеуші орган» деген сөздерден кейін «және (немесе) жылжымайтын мүлік орталығы» деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақтың 4) тармақшасындағы «кепілді тіркеуден бас тарта алады» деген сөздер «кепілді тіркеуден бас тартады» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ «тіркеуші орган» деген сөздерден кейін «және (немесе) жылжымайтын мүлік орталығы» деген сөздермен толықтырылсын;

8) 1 3 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

1) тармақша «тіркеуші органның» деген сөздерден кейін «және (немесе) жылжымайтын мүлік орталығының» деген сөздермен толықтырылсын;

б) тармақша «тіркеуші орган» деген сөздерден кейін «және (немесе) жылжымайтын мүлік орталығы» деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ «тіркеуші органның» деген сөздерден кейін «және (немесе) жылжымайтын мүлік орталығының» деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтағы «тіркеуші орган» деген сөздер «тіркеуші орган және (немесе) жылжымайтын мүлік орталығы өздері берген куәліктерге қатысты» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

9) 14-баптың 2-тармағының екінші сөйлеміндегі «тіркеуді жүргізетін органға» деген сөздер «тіркеуші органға немесе жылжымайтын мүлік орталығына» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

10) 16-баптың бірінші бөлігі «тіркеуші органға» деген сөздерден кейін «және (немесе) жылжымайтын мүлік орталығына» деген сөздермен толықтырылсын;
1 1) 1 7 - б а п т а :

2-тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасы «тіркеуші орган» деген сөздерден кейін «немесе жылжымайтын мүлік орталығы» деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ «тіркеуші орган» деген сөздерден кейін «немесе жылжымайтын мүлік орталығы» деген сөздермен толықтырылсын;
1 2) 1 8 - б а п т ы ң 2 - т а р м а ғ ы н д а :

бірінші абзац «тіркеуші орган» деген сөздерден кейін «және (немесе) жылжымайтын мүлік орталығы» деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақша «тіркеуші органның» деген сөздерден кейін «немесе жылжымалы мүлік орталығының» деген сөздермен толықтырылсын;

13) 19-бап «тіркеуші органға» деген сөздерден кейін «немесе жылжымайтын мүлік орталығына» деген сөздермен толықтырылсын;
1 4) 2 1 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші абзацы «Тіркеуші орган» деген сөздерден кейін «немесе жылжымайтын мүлік орталығы» деген сөздермен толықтырылып, б) тармақшасындағы «заңдарда белгіленген тәртіппен жауап береді» деген сөздер «Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2-тармақтың бірінші сөйлемі «тіркеуші орган» деген сөздерден кейін «және (немесе) жылжымайтын мүлік орталығы» деген сөздермен толықтырылсын.

7. «Өсімдіктер карантині туралы» 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 2-3, 34-құжат; № 23, 931-құжат; 2002 ж., № 4, 30-құжат; 2003 ж., № 15, 121-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; 2009 ж., № 18, 84, 85-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат):

1) 1-баптың 12) тармақшасы «құратын» деген сөзден кейін «, шаруашылық жүргізу

құқығындағы республикалық» деген сөздермен толықтырылсын;
2) 7-1-баптың 3-тармағының екінші сөйлемі алып тасталсын;
3) 7-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«7-2-бап. Өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік
м о н о п о л и я

1. Карантинді объектілердің таралу ошақтарын оқшаулау және жою мемлекеттік монополияға жатады және оны өсімдіктер карантинін қамтамасыз ету жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорын жүзеге асырады.

Карантинге жатқызылған өнімге фитосанитариялық сараптаманы жүзеге асыру жөніндегі қызмет карантинді объектілердің таралу ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі қызметпен технологиялық байланысты болып табылады.

2. Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.».

8. «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 19, 655-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 5-6, 37-құжат; 2009 ж., № 24, 129-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2 , 1 3 , 1 6 - қ ұ ж а т т а р) :

3-2 және 25-баптар мынадай редакцияда жазылсын:
«3-2-бап. Селекциялық жетістіктерді қорғау саласындағы
м е м л е к е т т і к м о н о п о л и я

1. Өтінім материалдарына, қорғау құжатына және өсімдіктердің қорғалатын сорттары мен жануарлар тұқымдары бойынша мемлекеттік тізілімге өзгерістер енгізуді ; Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірме ұсынуды; өтініш берушінің белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап алты айға дейін өткізіп алған ақы төлеу мерзімін қалпына келтіруді; автордың куәлігін, қосымшаларды және олардың телнұсқаларын беруді; қорғау құжатының қолданылу мерзімін күшінде ұстап тұруды, ұзартуды және қорғау құжатын беру, күшінде ұстап тұру, ұзарту туралы мәліметтерді жариялауды; ашық лицензия беруге арналған өтінім қабылдауды; шарттардың қосымша келісімдеріне сараптама жүргізуді, шарттарды тіркеу туралы мәліметтер жариялауды; патенттік құжаттаманы (нөмірленген немесе атауы жазылған) іздестіруді; баспа және электрондық басылымдарды өткізуді және жариялауды; кепіл шартына сараптама жүргізуді қоса алғанда, селекциялық жетістіктерге өтінімдер қабылдау және өтінімдерге алдын ала сараптама жүргізу, патентті немесе селекциялық жетістіктерге патент алу құқығын басқаға беру шарттарына, лицензиялық (қосалқы лицензиялық) шарттарға сараптама жүргізу, Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін жүргізу, селекциялық жетістіктер туралы мәліметтерді жариялау, қорғау құжаттарын беруге дайындау жөніндегі қызмет мемлекеттік монополияға жатады және

оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған сараптама ұйымы жүзеге асырады.

2. Сараптама ұйымының қызметімен технологиялық байланысты қызметке:

- 1) өтінім материалдарының көшірмелерін әзірлеу;
- 2) селекциялық жетістіктерге арналған қорғау құжаттары бойынша анықтамалар, статистикалық мәліметтер ұсыну;
- 3) төлемдерді қайта есепке алу және растау жатады.

3. Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.»;

«25-бап. Заңдық маңызы бар іс-қимылдарға ақы төлеу

Уәкілетті органның патент беру, шарттарды тіркеу жөнінде іс-қимылдар жасағаны үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес мемлекеттік баж алынады

Ауыл шаруашылығы дақылдарының сортын сынақтан өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, ауыл шаруашылығы дақылдары сорттарын патентке қабілеттілігіне сынақтан өткізгені үшін төлемақы алады

»

9. «Қазақстан Республикасының Патент Заңы» 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 20, 718-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 5-6, 37-құжат; 2009 ж., № 15-16, 75-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат) :

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 2-1) және 13) тармақшалармен толықтырылсын:

«2-1) еуразиялық өтінім – 1994 жылғы 9 қыркүйектегі Еуразиялық патент конвенциясына сәйкес берілген өтінім;»;

«13) халықаралық өтінім – 1970 жылғы 19 маусымдағы Патенттік кооперация туралы шартқа сәйкес берілген өтінім.»;

2) 4-1 және 35-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«4-1-бап. Өнертабыстарды, пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік үлгілерді қорғау саласындағы мемлекеттік монополия

1. Белгіленген мерзімнен кейін конвенциялық басымдықты сұрата отырып өтінімдер қабылдауды; халықаралық өтінімді ұлттық фазаға ауыстыруды; формальды сараптама жүргізуді; формуланың әрбір тәуелсіз тармағына мәні бойынша біреуден артық қосымша сараптама жүргізуді; сараптаманың сауалына жауаптарды және төлемақыларды ұсынудың мерзімдерін ұзартуды және қалпына келтіруді; өнертабысқа немесе пайдалы модельге өтінімді қайта өзгертуді; өтінімді өтініш берушінің қатысуымен қарауды; өтінім құжаттарының қазақ тіліне немесе орыс тіліне

аудармасының ұсынылу мерзімін ұзартуды, сұратылатын құжаттарды ұсыну мерзімдерін әрбір айға белгіленген мерзімі аяқталған күннен бастап он екі айға дейін ұзартуды, өтініш берушінің аударманы ұсыну бойынша өткізіп алған мерзімін қалпына келтіруді; өтінім материалдарына, қорғау құжатына, өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің мемлекеттік тізіліміне өзгерістер енгізуді; бір үлгідегі өзгерістер енгізуді; халықаралық және еуразиялық өтінімдерді өңдеуді, тексеруді және салып жіберуді; өнертабыстың, пайдалы модельдің және өнеркәсіптік үлгінің патентке қабілеттілігін бағалау мақсатында техника деңгейін айқындау үшін ақпараттық іздестіру жүргізуді; автордың куәлігін, қосымшаларды және олардың телнұсқаларын беруді; қорғау құжатының қолданылу мерзімін күшінде ұстап тұруды, ұзартуды, қалпына келтіруді және қорғау құжатын күшінде ұстап тұру, ұзарту немесе қалпына келтіру туралы мәліметтерді жариялауды; бір және бір топ өнеркәсіптік меншік объектісіне қатысты кешенді кәсіпкерлік лицензия беру туралы шарттың сараптамасын тіркеуге өтінім қабылдауды; шарттарды тіркеу туралы мәліметтерді жариялауды; қосымша келісімдерге сараптама жүргізуді; ашық лицензия беруге өтінім қабылдауды; өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірмелер ұсынуды; патенттік құжаттаманы (нөмірленген немесе атауы жазылған) іздестіруді; баспа және электрондық басылымдарды өткізуді және жариялауды; техника объектілері мен технологияларды патенттік тазалығы тұрғысынан зерттеуді; техника деңгейінің даму үрдістерін зерттеуді және талдауды; ғылыми зерттеулерді патенттік-құқықтық талдауды, кепіл шартына сараптама жүргізуді қоса алғанда, өнертабыстарға, пайдалы модельдер мен өнеркәсіптік үлгілерге өтінімдер қабылдау және өтінімдерге сараптама жүргізу, қорғау құжатын беруге құжаттар дайындау, қорғау құжатын беру туралы мәліметтерді жариялау, қорғау құжатын күшінде ұстап тұру жөніндегі функцияларды жүзеге асыру, қорғау құжаттарын басқаға беру және оларды алуға құқықты басқаға беру туралы шарттарға, лицензиялық (қосалқы лицензиялық) шарттарға сараптама жүргізу, Өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің мемлекеттік тізілімін жүргізу жөніндегі қызмет мемлекеттік монополияға жатады және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған сараптама ұйымы жүзеге асырады.

2. Сараптама ұйымының қызметімен технологиялық байланысты қызметке:

1) өтінімнің (басым құжаттың) көшірмелерін, өтінім материалдарының көшірмелерін, қарсы қойылған құжаттардың көшірмелерін дайындау, қорғау құжаттары жөнінде анықтамалар, статистикалық мәліметтер ұсыну;

2) төлемдерді қайта есепке алу және растау жатады.

3. Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын Қазақстан

Республикасының Үкіметі белгілейді.»;

«35 - бап. Мемлекеттік баж

Уәкілетті органның қорғау құжаттарын беру, шарттарды тіркеу, патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттау және патенттік сенім білдірілген өкілді тіркеу туралы куәлік беру жөніндегі іс-қимылдар жасағаны үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес мемлекеттік баж алынады.».

10. «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» 1999 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 21, 776-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 5-6, 37-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:
«4-1) Мадрид келісімі – 1891 жылғы 14 сәуірдегі Таңбаларды халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісімі;»;

2) 3-1 және 45-баптар мынадай редакцияда жазылсын:
«3-1-бап. Тауар таңбаларын, қызмет көрсету таңбаларын, тауар шығарылған жерлердің атауларын қорғау саласындағы мемлекеттік монополия

1. Ұжымдық тауар таңбасын тіркеуге өтінім қабылдауды; формальды сараптама жүргізуді; өтінім материалдарына өзгерістер мен түзетулер енгізуді; өтініш берушінің бастамасы бойынша сыныптар бойынша тауар таңбасына өтінімдер бөлуді; тауар таңбасына өтінімді ұжымдық тауар таңбасына қайта өзгертуді және керісінше өзгертуді; Мадрид келісіміне сәйкес халықаралық өтінімді қабылдауды; тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің халықаралық сыныпталуына сәйкес тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесін әзірлеуді; халықаралық өтінімге өзгерістер енгізу туралы өтінішті салып жіберуді, ресімдеуді; үшеуден асқан әрбір сынып үшін қосымша өтінімге сараптама жүргізуді; толық сараптама жүргізу басталған күннен бастап алты айдан кейін толық сараптаманы жедел әрі жылдамдатып жүргізуді; тіркеуден алдын ала бас тарту туралы шешімге қарсылық білдіруді қарауды; сараптаманың шешіміне қарсылық білдіру мерзімін әр айда ұзартып отыруды; сауалға жауап қайтару мерзімін әр ай сайын ұзартып отыруды; сауалға жауап қайтарудың, ақы төлеудің, өтініш берушінің қарсылық білдіруінің өткізіп алған мерзімін қалпына келтіруді; куәліктің телнұсқасын, қосымшаны беруді және беру туралы мәліметтерді жариялауды; қорғалатын тауар таңбаларының, қызмет көрсету таңбаларының және тауар шығарылған жерлердің атауларының мемлекеттік тізіліміне, тауар таңбасының куәліктеріне және тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығына өзгерістер енгізуді; тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығына арналған куәліктің, тауар таңбасына арналған және қосымша үшеуден асатын әрбір сынып үшін куәліктің қолданылу мерзімін ұзартуды; ұзарту туралы мәліметтерді жариялауды; кепіл шартына

, кешенді кәсіпкерлік лицензия беру туралы шартқа, бір немесе бір топ өнеркәсіптік меншік объектілеріне қатысты тауар таңбасына арналған куәлікті алу құқығын басқаға беру туралы шартқа сараптама жүргізуді; қосымша келісімдерге сараптама жүргізуді және шарттарды тіркеу туралы мәліметтерді жариялауды; мемлекеттік тізілімнен үзінді көшірмелер, анықтамалар беруді; тауар таңбаларының дерекқорындағы белгілерді және іздестіру туралы есепті ұсына отырып, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің аталған сыныптарына қатысты тіркеуге мәлімделген белгілерді алдын ала іздестіруді жүргізуді; баспа және электрондық басылымдарды өткізуді және жариялауды қоса алғанда, тауар таңбаларын, қызмет көрсету таңбалары мен тауар шығарылған жерлердің атауларын тіркеуге өтінімдер қабылдау және өтінімдерге сараптама жүргізу, тауар таңбаларына, қызмет көрсету таңбаларына арналған құқықтарды беру туралы шарттарға, лицензиялық (қосалқы лицензиялық) шарттарға сараптама жүргізу, қорғалатын тауар таңбаларының, қызмет көрсету таңбаларының және тауар шығарылған жерлердің атауларының мемлекеттік тізілімдерін жүргізу, куәліктерді беруге дайындау жөніндегі қызметтер мемлекеттік монополияға жатады және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған сараптама ұйымы жүзеге асырады.

2. Сараптама ұйымының негізгі қызметімен технологиялық байланысты қызметке:

- 1) өтінімнің (басым құжаттың) көшірмелерін куәландыру;
- 2) төлемдерді қайта есепке алу және растау жатады.

3. Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.»;
«45 - бап. Мемлекеттік баж

Уәкілетті органның куәліктерді, сертификаттарды беру, шарттарды тіркеу, патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттау және патенттік сенім білдірілген өкілді тіркеу туралы куәлік беру жөнінде іс-қимылдар жасағаны үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес мемлекеттік баж алынады.».

11. «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» 2000 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 20, 381-құжат; 2001 ж., № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 3, 19-құжат; № 10, 54-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 23, 97-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 49 - құжат; № 11, 102 - құжат):

1-тарау мынадай мазмұндағы 6-1-баппен толықтырылсын:
«6-1-бап. Салық салу объектілерінің құнын айқындау саласындағы мемлекеттік монополия

1. Салық салу объектілерінің (тұрғынжайдың, саяжай құрылысының, аяқталмаған

құрылыс объектісінің, салқын жапсаржайдың, шаруашылық (қызметтік) құрылыстың, шығыңқы ірге қабатының, тұрғынжай жертөлесінің, гараждың) құнын айқындау жөніндегі қызмет мемлекеттік монополияға жатады және оны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.».

12. «Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы» 2001 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 13-14, 181-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат) :

1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бюллетень - интегралдық микросхемалар топологияларын қорғау мәселелері жөніндегі ресми мерзімді басылым;

2) интегралдық микросхема - электрондық схема функцияларды орындауға арналған түпкілікті немесе аралық нысандағы микроэлектронды бұйым, оның элементтері мен байланыстары бұйым дайындалғанда негізге алынған материалдың көлемінде және (немесе) бетінде бөлінбейтін етіп қалыптастырылады;

3) интегралдық микросхема топологиясы (бұдан әрі - топология) - интегралдық микросхеманың элементтері мен олардың арасындағы байланыстар жиынтығының материалдық жеткізгіште тіркелген кеңістіктік-геометриялық орналасуы;

4) құқық иеленуші - автор, оның мұрагері, сондай-ақ заңға немесе шартқа байланысты алынған айрықша құқықты иеленуші кез келген жеке немесе заңды тұлға;

5) лицензиялық шарт - ол бойынша құқық иеленуші (лицензиар) басқа тарапқа (лицензиатқа) топологияны белгілі бір әдіспен уақытша пайдалануға құқық беретін шарт;

6) патенттік сенім білдірілген өкілдер – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган алдында жеке және заңды тұлғалардың өкілдік ету құқығы берілген Қазақстан Республикасының азаматтары;

7) топологияға айрықша құқық - құқық иеленушінің топологияны өз қалауы бойынша кез келген әдіспен пайдалануға мүлкіктік құқығы;

8) топологияны пайдалану - егер осы Заңда өзгеше көзделмесе, топологияны, осы топологиямен бірге интегралдық микросхеманы немесе осындай интегралдық микросхеманы қамтитын бұйымды қолдану, әкелу, сатуға ұсыну, сату немесе

азаматтық айналымға коммерциялық мақсаттарда жүзеге асырылатын өзгедей енгізу;

9) уәкілетті орган - өз өкілеттіктері шегінде интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық а т қ а р у ш ы о р г а н . » .

13. «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 243-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 6, 10-құжат; № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 144-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 21, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат ; № 8 , 6 4 - қ ұ ж а т) :

1) 1-баптың 15) тармақшасындағы «Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген заңды тұлға» деген сөздер «Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 19-баптың 15-2) тармақшасы алып тасталсын; 3) 6 4 - б а п т а :

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Жобаларға (жобалау алдындағы және жобалау-сметалық құжаттамаға) мемлекеттік сараптама жүргізу жөніндегі қызмет мемлекеттік монополияға жатады және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын жүзеге а с ы р а д ы . » ;

11-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.» .

14. «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 2, 16-құжат; 2004 ж., № 20, 116-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 11, 36-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 18, 143-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат):

1-баптың 25-1) тармақшасындағы «мемлекеттік мекеме» деген сөздер «Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын» деген сөздермен ауыстырылсын.

15. «Өсімдіктерді қорғау туралы» 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан

Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 13-14, 140-құжат; 2004 ж., № 17, 98-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 18, 84, 85-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат):
10-баптың 2-тармағы алып тасталсын.

16. «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 15, 148-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат, № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 16-құжат; № 8, 64-құжат):

1) 4-баптың 2) тармақшасы алып тасталсын;
2) 11-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:
«1-1. Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.»;

3) 14-1-баптың 1-тармағының 4) тармақшасындағы «мемлекеттік монополияға жатқызылған» деген сөздер «осы Заңның талаптары негізінде» деген сөздермен ауыстырылсын.

17. «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 1-2, 1-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2009 ж., № 11-12, 53-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 12, 111-құжат; № 15, 118-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат):

1) 1-бапта:
3), 4) және 5) тармақшалар алып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:
«6-1) мемлекеттік техникалық қызмет – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын;»;

2) 4-бап мынадай мазмұндағы 4-1) және 4-2) тармақшалармен толықтырылсын:
«4-1) Қазақстан Республикасының негізгі куәландырушы орталығының, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығының және ұлттық куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беру, сақтау, қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтін тиесілілігі мен дұрыстығын растау қағидаларын бекітеді;

4-2) Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарабының шетелдік

электрондық цифрлық қолтаңбасының түпнұсқалылығын растау қағидаларын бекітеді;
» ;

3) 5 - б а п т а :

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«8) Қазақстан Республикасының негізгі куәландырушы орталығының, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығының және ұлттық куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беру, сақтау, қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен дұрыстығын растау қағидаларын өз ірлейді;» ;

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

«8-1) Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарабының шетелдік электрондық цифрлық қолтаңбасының түпнұсқалылығын растау қағидаларын әзірлейді ; » ;

9) тармақша алып тасталсын ;

4) мынадай мазмұндағы 20-1-баппен толықтырылсын:

«20-1-бап. Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба саласындағы мемлекеттік монополия

1. Мемлекеттік техникалық қызмет электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба саласындағы мемлекеттік монополияға жататын мынадай:

1) шетелдік электрондық цифрлық қолтаңбаның түпнұсқалылығын растауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарабының;

2) куәландырушы орталықтардың электрондық цифрлық қолтаңбасының ашық кілтінің тиесілілігі мен дұрыстығын растауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының негізгі куәландырушы орталығының;

3) «электрондық үкіметке», мемлекеттік және мемлекеттік емес ақпараттық жүйелерге қатысушыларға қызмет көрсететін Қазақстан Республикасының ұлттық куәландырушы орталығының ;

4) Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесіне қатысушыларға қызмет көрсететін Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығының қызмет түрлерін жүзеге асырады .

2. Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.» .

18. «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» 2003 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 9, 41-құжат; 2004 ж., № 23, 140, 142-құжаттар; 2006 ж., № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 9 -10, 50-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 6, 49-құжат; № 11,

102-құжат; № 14, 117-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 8 , б 4 - қ ұ ж а т) :

1) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар
Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) асыраушы - өзінің асырауындағы отбасының еңбек етуге қабілетсіз мүшелерін өз табысы есебінен асыраушы адам;

2) асырауындағылар санының коэффициенті - қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жарияланған) асыраушының асырауында болған оның отбасы мүшелерінің санын ескеретін коэффициент;

3) әлеуметтік аударымдар - өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға, ал асыраушысынан айрылған жағдайда оның асырауында болған отбасы мүшелеріне осы Заңға сәйкес әлеуметтік төлемдер алу құқығын беретін, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төленетін осы Заңда белгіленген міндетті төлемдер;

4) әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі - жұмыс берушінің қызметкерге орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін табыс түрінде төлейтін шығыстары . Өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамның әлеуметтік аударымдарын есептеуге арналған объект оның алатын табыстары болып табылады;

5) әлеуметтік аударымдарды және әлеуметтік төлемдерді есепке алу жөніндегі уәкілетті ұйым (бұдан әрі – Орталық) - өңірлерде құрылымдық бөлімшелері (бұдан әрі – құрылымдық бөлімшелері) бар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын;

б) әлеуметтік аударымдарды төлеуші (бұдан әрі - төлеуші) - осы Заңда белгіленген тәртіппен Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды есептеуді және төлеуді жүзеге асыратын жұмыс беруші немесе өзін-өзі жұмыспен қамтыған адам ;

7) әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесі - әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісінің шамасына пайыздық қатынаспен көрсетілген, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төленетін міндетті төлемдердің тіркелген мөлшері;

8) әлеуметтік қатер - еңбек ету қабілетінен айрылуына және (немесе) жұмысынан айрылуына, асыраушысынан айрылуына, сондай-ақ жүктілігіне және босануына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына және бір жасқа толғанға дейінгі бала күтіміне байланысты табысынан айрылуына әкеп соқтырған оқиғаның басталуы, соның нәтижесінде өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы не ол қайтыс болған жағдайда оның асырауында болған отбасының мүшелері осы Заңға сәйкес әлеуметтік төлемдерді алу құқығына ие болады ;

9) әлеуметтік төлемдер - әлеуметтік төлемдерді алушының пайдасына Мемлекеттік

әлеуметтік сақтандыру қоры жүзеге асыратын ай сайынғы төлемдер;

10) әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті орган - халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы орган және оның аумақтық бөлімшелері;

11) әлеуметтік төлемді алушы (бұдан әрі - алушы) - өзі үшін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар жүргізілген не оларды өзі төлеген және әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті орган оған қатысты әлеуметтік төлем тағайындау туралы шешім шығарған жеке тұлға, ал өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы болып табылатын адам қайтыс болған жағдайда - қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жарияланған) асыраушының асырауында болған отбасы мүшелері;

12) еңбек ету қабілетінен айрылу - қызметкердің жұмыс орындау, қызмет көрсету қабілетінен айрылуы, оның дәрежесі айрылған еңбек ету қабілетіне пайыздық қ а т ы н а с т а н к ө р і н е д і ;

13) еңбек ету қабілетінен айрылу коэффициенті - өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесіне қарай айқындалатын коэффициент;

14) қатысу өтілінің коэффициенті - міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтіліне (күнтізбемен есептегендегі уақыттың жалпы мөлшеріне) қарай айқындалатын к о э ф ф и ц и е н т ;

15) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры (бұдан әрі - Қор) - әлеуметтік аударымдар алымын жинауды және міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы болған асыраушысынан айрылған жағдайда, оның асырауындағы отбасы мүшелерін қоса алғанда, оған қатысты әлеуметтік қатер жағдайы басталған міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға төлемдер жүргізетін заңды тұлға;

16) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының активтері - әлеуметтік аударымдар, әлеуметтік аударымдарды төлеу мерзімі өтіп кеткендігі үшін алынған өсімпұл, инвестициялық табыс және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қызметін қамтамасыз етуге арналған комиссиялық сыйақыны, әлеуметтік төлемдерге бағытталған қаражатты және қате есептелген немесе артық төленген қаражатты қайтаруды шегеріп тастағанда, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына түсетін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де түсімдер;

17) міндетті әлеуметтік сақтандыру - еңбек ету қабілетінен айрылуына және (немесе) жұмысынан айрылуына, сондай-ақ асыраушысынан айрылуына байланысты, жүктілігіне және босануына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына және бір жасқа толғанға дейінгі бала күтіміне орай табысынан айрылуына байланысты табыстың бір бөлігін өтеу үшін мемлекет ұйымдастыратын, бақылайтын және кепілдік беретін ш а р а л а р ж и ы н т ы ғ ы ;

18) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі - мемлекет белгілейтін және кепілдік

беретін, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың арасындағы қатынастарды реттейтін нормалар мен қағидалардың жиынтығы;

19) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар - төлеуші; өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы; алушы; Орталық; Қор; Қазақстан Республикасының Үкіметі; Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі; өзге де уәкілетті органдар;

20) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген қатысушысы - өзі үшін әлеуметтік аударымдар төленетін және осы Заңда көзделген әлеуметтік қатер жағдайлары басталған кезде әлеуметтік төлемдер алуға қ ұ қ ы ғ ы б а р ж е к е т ұ л ғ а ;

21) өзін-өзі жұмыспен қамтыған адам (осы Заңға қолдануға болатын) - өздеріне табыс әкелетін жұмыспен өздерін қамтамасыз ететін дара кәсіпкер, жеке нотариус, жеке с о т о р ы н д а у ш ы с ы , а д в о к а т .

Арнаулы салық режимін қолданатын шаруа немесе фермер қожалықтарына қатысты өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар деп дара кәсіпкерлер - қожалық басшысы, сондай-ақ кәмелетке толған жылдан кейінгі күнтізбелік жылдан бастап шаруа немесе фермер қожалығының кәмелетке толған мүшелері танылады;

22) табысты ауыстыру коэффициенті - әлеуметтік төлемнің әлеуметтік аударымдарды есептеу кезінде негізге алынған табыс мөлшеріне қатынасын а й қ ы н д а й т ы н к о э ф ф и ц и е н т ;

23) уәкілетті орган - Қор қызметіне реттеу, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган.»;

2) мынадай мазмұндағы 10-1-баппен толықтырылсын:
«10-1-бап. Міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы мемлекеттік монополия

1. Орталық және оның құрылымдық бөлімшелері мемлекеттік монополияға жататын қызметтің мынадай түрлерін:

1) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың міндетті әлеуметтік аударымдары мен әлеуметтік төлемдерін дербестендірілген есепке алуды және олардың орталықтандырылған дерекқорын қалыптастыруды;

2) Қордың қаражаты есебінен әлеуметтік төлемдерді ұйымдастыруды;

3) құжаттар қабылдау, тағайындауға арналған істердің макеттерін қалыптастыру, Қордан әлеуметтік төлемдерді қайта есептеу мәселелері бойынша әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасауды;

4) әлеуметтік аударымдар мен әлеуметтік төлемдердің жай-күйі мен қозғалысы туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету жөніндегі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, Орталықтың қызмет түрлеріне сәйкес, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға ақпараттық қызметтер ұ с ы н у д ы ;

5) төлеушілерден түскен міндетті әлеуметтік аударымдарды Қорға аударуды, артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдар сомаларын және олар бойынша өсімпұлдарды төлеушілерге қайтаруды жүзеге асыруды;

6) салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға төлеушілердің келіп түскен және қайтарылған әлеуметтік аударымдарының тізілімдерін ұсынуды жүзеге асырады.

2. Орталық және оның құрылымдық бөлімшелері әлеуметтік аударымдарды есепке алу, аудару, қайтару мәселелері бойынша Қормен өзара іс-қимыл жасайды.

3. Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.».

19. «Байланыс туралы» 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 14, 81-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 121-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146, 150-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 25-құжат; № 8, 63, 64 - құжаттар):

1) 2-бап мынадай мазмұндағы 40-1) тармақшамен толықтырылсын: «40-1) мемлекеттік техникалық қызмет – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын;»;

2) мынадай мазмұндағы 9-1-баппен толықтырылсын: «9-1-бап. Байланыс саласындағы мемлекеттік монополия

1. Мемлекеттік техникалық қызмет байланыс саласындағы мемлекеттік монополияға жататын мынадай қызмет түрлерін:

1) радиосигналдар параметрлерін өлшеуді, радиоэлектрондық аппаратураның жанама электромагниттік сәулеленуін байқауды қоса алғанда, радиожиілік спектрі мен радиоэлектрондық құралдардың мониторингі жөніндегі жұмыстарды техникалық қамтамасыз етуді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы заңнамасын бұза отырып жұмыс істейтін радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды анықтау жөніндегі жұмыстарды техникалық қамтамасыз етуді;

2) радиоэлектрондық құралдардың және радиожиіліктерді иелікке берудің тізілімін (дерекқорын) жүргізуді техникалық қамтамасыз етуді;

3) радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігін есептеуді жүргізуді;

4) Халықаралық электр байланысы одағындағы Қазақстан Республикасының орбиталық-жиілікті ресурсын халықаралық үйлестіру жөніндегі іс-шараларды

техникалық

сүйемелдеуді;

5) Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерін орталықтандырылған басқару жүйесін техникалық сүйемелдеуді жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.».

20. «Ішкі су көлігі туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 15, 88-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат, № 23, 141-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат):

1) 1-баптың 17) тармақшасында:

«ішкі суларда жүзетін кемелерді және «өзен-теңізде» жүзетін» деген сөздер алып тасталсын;

«мемлекеттік» деген сөз «, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған республикалық мемлекеттік қазыналық» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 9-баптың 1-тармағының 11) тармақшасындағы «, порттардың, жағалау объектілерінің, кеме қатынасы гидротехникалық құрылыстарының» деген сөздер алып тасталсын;

3) 16-бапта:

1-тармақ алып тасталсын;

2-тармақта:

бірінші абзацтағы «және техникалық байқауға» деген сөздер «, техникалық қадағалауға және куәландыруға» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақша «сексен» деген сөзден кейін «және одан да көп» деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Кеме қатынасының тіркелімі кемелердің техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін кемелерді өтеусіз негізде куәландыруды жүзеге асырады.»;

екінші бөліктегі «, кемелерді жөндеуді, оларды жасау мен жаңғыртуды байқау» деген сөздер алып тасталсын.

21. «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 21, 124-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 15, 92-құжат; № 24, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 60-құжат; 2009 ж., № 17, 80-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 5, 41-құжат):

26-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Өнім (дәрілік заттардан, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникадан басқа), процестер сәйкестікті растау объектілері болып табылады.».

22. «Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 2, 13-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 15, 118-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 8, 64-құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша «ақпараттандыру саласындағы уәкілетті ұйым», «ақпараттандыру саласындағы уәкілетті ұйымды», «Ақпараттандыру саласындағы уәкілетті ұйымның», «Ақпараттандыру саласындағы уәкілетті ұйымға» деген сөздер тиісінше «мемлекеттік техникалық қызмет», «мемлекеттік техникалық қызметті», «Мемлекеттік техникалық қызметтің», «Мемлекеттік техникалық қызмет», «мемлекеттік техникалық қызметке» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1 - б а п т а :

3) тармақша алып тасталсын;

4) тармақшадағы «ақпараттандыру саласындағы ұлттық оператор (бұдан әрі – ұлттық оператор)» деген сөздер «ақпараттандыру саласындағы оператор» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

«10-1) ақпараттық-коммуникациялық желілер мониторингі жүйесі – компьютерлік оқиғаларға ден қоюды қоса алғанда, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қауіпсіз пайдалану мәселелері бойынша ақпараттық жүйелердің, ақпараттық-коммуникациялық желілер мен электрондық ақпараттық ресурстардың меншік иелеріне, иеленушілеріне және оларды пайдаланушыларға жәрдем көрсетуге бағытталған ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралар кешені;»;

мынадай мазмұндағы 28-1) тармақшамен толықтырылсын:

«28-1) мемлекеттік техникалық қызмет - Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын;»;

3) 5 - б а п т а :

9) тармақшадағы «ұлттық» деген сөз алып тасталсын;

16) тармақша алып тасталсын;

4) 9-баптың тақырыбы мен бірінші абзацындағы «Ұлттық оператордың», «Ұлттық оператор» деген сөздер тиісінше «Ақпараттандыру саласындағы оператордың», «Ақпараттандыру саласындағы оператор» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 9-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«9-1-бап. Ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік монополия

1. Мемлекеттік техникалық қызмет мемлекеттік монополияға жататын қызметтің

м ы н а д а й

т ү р л е р і н :

1) ақпараттық жүйелерді олардың ақпараттық қауіпсіздік талаптарына және Қазақстан Республикасының аумағында қабылданған стандарттарға сәйкестігіне аттестаттық зерттеуді;

2) мемлекеттік органдардың электрондық ақпараттық ресурстарын, ақпараттық жүйелерін, ақпараттық-коммуникациялық желілерін, сондай-ақ мемлекеттік ақпараттық жүйелермен ықпалдасатын мемлекеттік емес жүйелерді қорғауды қамтамасыз етудің мониторингін;

3) мемлекеттік ақпараттық жүйелердің бағдарламалық өнімдерін, бағдарламалық кодтарын сынақтан өткізуді және олардың нормативтік-техникалық құжаттамасына сараптама жүргізуді;

4) мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін құруға, енгізуге және дамытуға бағытталған инвестициялық жобалардың ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сараптама жүргізуді;

5) Интернет желісіне қол жеткізудің бірыңғай шлюзін және Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының электрондық почтасының бірыңғай шлюзін техникалық сүйемелдеуді;

6) электрондық ақпараттық ресурстардың, ақпараттық жүйелер мен ақпараттық жүйелер депозитарийінің, бағдарламалық өнімдердің, бағдарламалық кодтар мен нормативтік-техникалық құжаттаманың мемлекеттік тіркелімін жүргізуді;

7) ақпараттық-коммуникациялық желілер мониторингі жүйесін ұйымдастырушылық және техникалық сүйемелдеуді;

8) жоғарғы деңгейдегі қазақстандық домендік атауға қызмет көрсететін домендік атаулар серверлерінің үзіліссіз орнықты жұмыс істеу мониторингін;

9) өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын байланыс операторларының ақпараттық-коммуникациялық желілерін адрестеу және нөмірлеу жоспарларын сүйемелдеуді жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.»;

6) 28-баптың мәтініндегі және 42-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы « ұлттық операторға», «ұлттық оператордың», «ақпараттық жүйенің меншік иесі, иеленушісі немесе ұлттық операторы» деген сөздер тиісінше «ақпараттандыру саласындағы операторға», «ақпараттандыру саласындағы оператордың», «меншік иесі, иеленуші немесе ақпараттандыру саласының операторы» деген сөздермен ауыстырылсын.

23. «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 18, 142-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; № 24,

126-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 8, 41-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат):

1) 18-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«18-бап. Ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық тексеру саласындағы мемлекеттік монополия»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық тексеру жөніндегі қызмет мемлекеттік монополияға жатады және оны жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар жүзеге асырады.»;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.»;

2) 19-бап алып тасталсын.

24. «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 15-16, 59-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат):

1) 1-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) аккредиттеу жөніндегі орган – конкурстық негізде айқындалатын, аккредиттеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және аккредиттеу жөніндегі халықаралық ұйымның мүшесі болып табылатын заңды тұлға»;

2) 5-бапта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) аккредиттеу жөніндегі органды таңдау бойынша конкурсты өткізу қағидаларын және аккредиттеу жөніндегі органға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту»;

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) аккредиттеу жөніндегі органды осы баптың 2) тармақшасында көрсетілген қағидаларға сәйкес айқындау»;

3) 6-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«1-1) аккредиттеу жөніндегі органды таңдау бойынша конкурсты өткізу қағидаларын және аккредиттеу жөніндегі органға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді»;

1-2) аккредиттеу жөніндегі органды таңдау бойынша конкурстарды ұйымдастырады
ж ә н е ө т к і з е д і ; » ;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«2) Қазақстан Республикасының Үкіметіне аккредиттеу жөніндегі органды
мәртебесінен айыру жөнінде ұсыныс енгізеді;»;

4) 7-баптың 1-тармағы алып тасталсын.

25. «Бәсекелестік туралы» 2008 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан
Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж.,
№ 24, 125-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 6, 50-
құжат; № 11, 102-құжат, № 12, 111-құжат):

1) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«6-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар
Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) акцияларының (үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды
тұлғалардың үлестес тұлғалары - акцияларының (үлестерінің) елу пайызынан астамы
мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларға акцияларының (үлестерінің) елу пайызынан
астамы тікелей не жанама түрде тиесілі болатын заңды тұлғалар. Жанама тиесілілік
өзге заңды тұлға акцияларының (үлестерінің) елу пайызынан астамы әрбір келесі
үлестес тұлғаға тиесілі болатынын білдіреді;

2) бәсекелестік - дербес жасаған іс-әрекеттері тиісті тауар нарығындағы тауарлар
айналысының жалпы жағдайына олардың әрқайсысының біржақты ықпал ету
мүмкіндігін тиімді шектейтін нарық субъектілерінің жарыспалылығы;

3) бірін-бірі алмастыратын тауарлар - тұтынушы оларды тұтыну (өндіру)
процесінде бірін-бірімен алмастыра алатындай, өзінің функционалдық мақсаты,
қолданылуы, сапалық және техникалық сипаттамалары, бағасы, сондай-ақ басқа да
параметрлері бойынша салыстыруға болатын тауарлар тобы болуы мүмкін;

4) мемлекеттік монополия – осы Заңда көзделген тәртіппен енгізілетін, бәсекелестік
нарықта қандай да бір тауарды өндіруге, өткізуге немесе сатып алуға арналған
мемлекеттің айрықша құқығы;

5) монополистік қызмет - жағдайы тиісті тауар нарығын бақылауға, оның ішінде
тиісті тауар нарығындағы тауар айналысының жалпы жағдайына елеулі әсер етуге
мүмкіндік беретін нарық субъектілерінің қызметі;

6) монополияға қарсы орган - бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті
шектеу саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

7) монополиялық жағдай - табиғи монополия, мемлекеттік монополия
субъектілерінің, сондай-ақ тиісті тауар нарығында жүз пайыз үлеске ие нарық
субъектілерінің жағдайы;

8) монополиялық табыс - нарық субъектісінің осы Заңда шектелген монополистік
қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алған табысы;

9) нарық субъектісі - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жеке және (немесе) заңды тұлғасы, сондай-ақ шетелдік заңды тұлға (оның филиалы мен өкілдігі);

10) реттелетін нарықтар - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бағаларды мемлекеттік реттеу енгізілген тауар нарықтары;

11) реттеуші орган - реттелетін нарықтарда бағаларды мемлекеттік реттеуді жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік орган;

12) сатушы (өнім беруші) - тауар өткізуші (беруші) жеке немесе заңды тұлға;

13) тауар - азаматтық айналым объектісі болып табылатын тауар, жұмыс, көрсетілетін қызмет;

14) тауар нарығы - тұтынушының тауарды сатып алуға экономикалық, аумақтық және технологиялық мүмкіндіктері негізге алына отырып айқындалатын, тауардың немесе бірін-бірі алмастыратын тауарлардың айналым аясы;

15) тергеу - монополияға қарсы органның осы Заңның бұзылуын растайтын фактілерді анықтауға, оларды тіркеуге және тиісті шешім қабылдауға бағытталған іс-шаралары;

16) тұтынушы - тауарды өз мұқтажы үшін сатып алатын жеке немесе заңды тұлға;

17) Үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің мемлекеттік тізілімі (бұдан әрі - тізілім) - табиғи немесе мемлекеттік монополия жағдайындағы нарықтарды қоспағанда, тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің тізбесі.»;

2) 32 - бапта :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Айрықша құқықты іске асыру мемлекеттік монополия субъектісін құру жолымен жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Үкіметі не Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік кәсіпорын ғана мемлекеттік монополия субъектісі бола алады.»;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және өткізетін тауарларға баға белгілеу қағидаларын мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеуді салааралық және өңіраралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік органмен бірлесіп, монополияға қарсы орган әзірлейді және оны Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.»;

3-тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасындағы «беруге тыйым салынады.» деген сөздер «беруге;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) өздері өндіретін немесе өткізетін тауарларға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін бағалардан ерекшеленетін баға белгілеуге тыйым салынады.»;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1. Мемлекеттік монополия субъектілерінің осы баптың 3-тармағында белгіленген шектеулерді сақтауын бақылауды мемлекеттік монополия саласына жатқызылған қызметті бақылауды және реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.»

26. «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 5, 22-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат):

мынадай мазмұндағы 23-1-баппен толықтырылсын:
«23-1-бап. Мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік

М О Н О П О Л И Я

1. Мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік монополияға мынадай қызмет түрлері:

1) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар және ұлттық санақтар кезінде алынған, аумақтық статистика органдары мен респонденттер ұсынған бастапқы статистикалық деректерді жинау, өңдеу және оларды электрондық түрде сақтау;

2) ақпараттық-статистикалық жүйелерді, дерекқорларды және олардың тұғырнамаларын, статистика тіркелімдерін, уәкілетті органның интернет-ресурсын қалыптастыру, сүйемелдеу және оларды өзекті ету;

3) статистикалық жарияланымдарды қалыптастыру және статистикалық ақпаратты тарату кестесіне сәйкес уәкілетті органның таратуына жататын ресми статистикалық ақпаратты тарату;

4) ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде көзделмеген статистикалық ақпаратты қалыптастыру жатады.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған қызмет түрлерін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.»

27. «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 17-18, 113-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат):

16 - б а п т а :

3 - т а р м а қ т а :

үшінші бөліктегі «құжаттарды сараптау және сертификатталатын объектіні зерттеу жөніндегі жұмыстарды» деген сөздер «құжаттамаларға сараптама жүргізуді және

сертификаттау объектілерін зерттеуді» деген сөздермен ауыстырылсын;
төртінші және бесінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«Сертификаттық зерттеуге алдын ала қорытынды әзірлеуді және оны беруді Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын жүзеге асырады.

Аталған республикалық мемлекеттік кәсіпорынның қорытынды әзірлеу және беру жөніндегі қызметі мемлекеттік монополияға жатады және аталған республикалық мемлекеттік кәсіпорын мен өтініш берушінің арасында жасалатын шарт бойынша өтеулі негізде жүзеге асырылады.»;

4-тармақтағы «Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның қарауындағы ұйым» деген сөздер «Осы баптың 3-тармағының төртінші бөлігінде көрсетілген республикалық мемлекеттік кәсіпорын» деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.».

28. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1, 1-құжат; № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 14-құжаттар; № 3, 21, 25, 27 - құжаттар; № 8, 64 - құжат):

12-баптың 3-тармағының 14) тармақшасындағы «Қазақстан Республикасының» деген сөздердің алдынан «монополияға қарсы орган жүзеге асыратын» деген сөздермен толықтырылсын.

29. «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 5, 42-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; № 17, 136-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 16-құжаттар; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 41-құжат; № 6, 43-құжат; № 8, 64 - құжат):

1) 11-бап мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

«9-1) мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) баға белгілеу қағидаларын бекітеді;»;

2) 133-баптың 3-тармағында:

бірінші бөліктегі «1) және 3) тармақшаларында» деген сөздер «1) тармақшасында» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы баптың 2-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген жағдайларда, мемлекеттік кәсіпорындарды Қазақстан Республикасының Үкіметі не Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар

қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрады.»;

3) 1 3 4 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақша «қалдықтарды көму» деген сөздерден кейін «, қалдықтар полигондарын құру және пайдалану» деген сөздермен толықтырылсын;

8) тармақшадағы «жер кадастрын» деген сөздер «жер кадастры үшін жерге орналастыру жұмыстарын» деген сөздермен ауыстырылсын;

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«10) өсімдіктерді қорғау және өсімдіктер карантині, карантинге жатқызылған өнімнің фитосанитариялық сараптамасы;»;

19) және 20) тармақшалар алып тасталсын;

3 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) егер олар Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдары болса, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру;»;

4) тармақша, «еңбек» деген сөздің алдынан «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес уәкілетті ұйым жүзеге асыратын қызметті қоспағанда,» деген сөздермен толықтырылсын;

9) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

«10) кемелерді сыныптау және олардың техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында жүзеге асырады.».

2 - б а п .

1. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Заңның 1-бабы 5-тармағы 1) тармақшасының бесінші абзацы 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап күшін жояды деп танылсын.

Президенті

Қазақстан Республикасының
Н. НАЗАРБАЕВ